

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ: ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Мұратбек Нұржан Қадырбекұлы**

*m.nur\_k@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр- Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Жамиева А.Е.

Қаржылық бақылау – ұлттық өнімнің жалпы түсімінің соған сәйкесті қаржы қорына негізделген бағасымен бөлінуін және бір мақсаттарға жұмсалуды тексеруге бағытталған ерекшеліктері бар қызмет түрі. Қаржылық бақылаудың пәні болып белгіленген ереже негізіндегі нормативтік – құқықтық реттеуді сақтауға негізделгенұдайы өндірістің кеңейтілген үдерісі мен қаржылық ресурстарын басқару болып табылады.

Қаржылық бақылау – заңдылықты сақтауға, меншікті қорғауға, бюджеттік, заемдік және меншіктік қаржыны дұрыс, тиімді пайдалануға, қаржылық тәртіпті бұзушылықты ашуға көмектесетін экономикалық бақылаудың ең маңызды нысандарының бірі. Қаржылық бақылау – қаржы жүйесінің барлық звеноларының ресурстарды құру, бөлу, пайдалану негізін тексеруге бағытталған ерекше қызметі.

Қаржылық бақылаудың мақсаты – мемлекеттің қаржы саясатын ұтымды жүргізуге, қаржы ресурстарын құру мен тиімді бөлу үрдісін қамтамасыз етуге бағытталған. Қаржылық бақылаудың құн категориясын пайдаланумен байланысты бақылаудың ерекше саласы ретінде мақсаты және белгілі бір қолдану аясы. Қаржылық бақылаудың объектісі болып қаржы ресурстарын, оның ішінде ұлттық шаруашылықтың барлық звенолары мен деңгейлерінің ақша қаражаттары қоры нысанында, құру және пайдалану барысындағы ақшалай, бөлу үдерістері танылады.

Қаржылық бақылау мынадай тексерулерді қамтиды: экономикалық заңдардың талаптарын сақтау; жалпы қоғамдық өнім құны мен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлудің оңтайлы пропорциясы; бюджетті құру және орындау (бюджеттік бақылау); шаруашылық жүргізуші субъектілердің, бюджеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, басқа да заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы мен еңбек, материалдық, қаржы ресурстарын тиімді пайдалану; салықтық бақылау [1].

Көптеген елдерде олардың құрылу ерекшелігіне байланысты әр елдің өзіне тән мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жүйесі қалыптасты. Дегенмен, шетелдерде бақылау-ревизиялық желілердің ұйымдасуы мен оның қызметі көптеген жылдар бойы қалыптасқан халықаралық тәжірибемен қалыптасқан принциптерге негізделеді. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мемлекеттік билік органдарымен тығыз байланысты, оларға бақылау іс-шаралары бойынша материалдар жолдайды, кеңестер береді, талдау жүргізеді және бюджеттік-қаржылық мәселелер бойынша және мемлекеттік қаржылық ресурстарды түрлі мақсаттарға пайдалану бойынша қорытындылар жасайды. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың ең жоғарғы буыны ретінде көптеген демократиялық елдерде заңнамалық биліктегі бақылау органы саналады. Бұл органдар қаржылық бақылаудың сыртқы жүйесі болып табылады. Әдеттегідей, көптеген елдерде парламенттік бақылаудың (немесе заңнамалық бақылаудың) арнайы институттары бар. Сонымен қатар, олар:

- мемлекеттік (көбінесе, бюджеттік) қаржыны пайдаланудың заңдылығына, мақсаттылығына, тиімділігіне қоғам тарапынан (салық төлеушілер) қаржылық бақылау жүргізеді;

- халықаралық қауымдастық қоғамдық дамудың заманауи талаптарына сай келетін қаржылық бақылаудың ұлттық жоғары органдарының қызметін ұйымдастырады және құқықтық тұрғыда қамтамасыз етеді.

Парламенттік бақылау институттарынан басқа көптеген елдерде атқарушы билік тарапынан жүргізілетін бақылау жүйесі бар. Мұнда үкіметтік бақылау, сонымен қатар, мемлекет басшысының жетекшілігімен жүргізілетін қаржылық бақылау органдары. Дамыған елдерде парламенттік, президенттік және үкіметтік бақылау-ревизиялық жүйелер өзара тығыз байланыс жасай отырып қызмет атқарады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қаржылық бақылау жүйесі айтарлықтай жетілдірілді. Жаңа мемлекеттік органдар мен тәуелсіз аудиторлық қызметтер пайда болды. Қазіргі таңда қаржылық бақылау органдарының қызметіне батыл баға беруге болады. Бұл органдардың құқықтары мен міндеттерінің, сонымен қатар, олар қолданатын әдістерінің өзіндік ерекшеліктері болса да, олардың кемшіліктері ортақ, барлығы да бір мәселеге келіп тіреледі, ол бақылау нәтижесінің толық талданып, аяқталмауы. Яғни қаржылық бақылау жүргізілгенімен, оның нәтижесін талдауға, нақты қорытынды жасауға аса көп көңіл бөлінбейді [2].

Қазіргі кезде елімізде әрекет ететін мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін қызметі оңтайлы ұйымдастырылған және құрамына кіретін органдардың міндеттері нақты бөлінген жүйе деп айта алмаймыз. Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алулар комитеті, Қаржы министрлігі республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылаушы құзіретін жүзеге асыра отырып, шын мәнісінде ведомствалық бақылау органдары болып табылады. Сонымен қатар, Қаржы министрлігінің құрылымына Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазынашылық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қаржы мониторинг комитеті, Ішкі мемлекеттік аудит және мемлекеттік сатып алулар комитеті кіреді. Яғни бір министрлікте мынадай мемлекеттік міндеттер шоғырландырылған: бюджеттің кірістік қайнар көзін мобилизациялау, шығысты бюджеттік бағдарламаларды орындау, бюджетке салықтық және өзге де міндеттемелердің өз уақытында және толық түсуін бақылау, сонымен қатар, бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылау жасау [3].

Мемлекеттің қаржылық ресурстарын басқару міндеттерінің дұрыс бөлінбеуі себебінен, бюджеттің атқарылуын бақылаудың дұрыстығына күмән тудырады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Комитеттің бөлімшелері жергілікті бюджеттің атқарылуына маслихаттардың ревизиялық комиссияларымен қатар, біртұтас бақылау жүргізеді. Осылайша, Қаржылық бақылау комитетінің аймақтық бөлімшелері республикалық бюджетке қатысы бойынша ішкі бақылауды, ал жергілікті бюджетке қатысы бойынша сыртқы бақылауды жүргізеді. Бұл Қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарының Халықаралық ұйымының Лим декларациясының негізгі принциптеріне қайшы келеді. Тағы бір даулы мәселе ішкі бақылау қызметтерін құруға қойылған шектеуші нормалар, яғни бекітілген тізім бойынша тек министрліктер мен ведомстваларға арналған шектеулер.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімді жүйесін құру өзектілігі бұл жүйені елдегі реформалардың ең маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Көптеген экономистердің пікірінше, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі толық жетілмеген. Мемлекеттік қаржылық бақылауды одан ары жетілдіру осы саладағы заңнаманы жетілдірумен тікелей байланысты. Яғни, ең алдымен, қазіргі кезде қолданыста жүрген қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістерін, мемлекеттік бақылау органдарының міндеттеріне өзгерістер енгізіп, заңнамалық актілерге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

Бұрынғы кезде, дамыған елдер өз қызметін мемлекеттік қаржылық бақылаудың заңнамаға, белгілі бір ережелер мен нормаларға сай келетіндігін бағалауға бағыттайтын. Бақылаудың бұл бағыттары мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметінің айтарлықтай бөлігін құрайды. Алайда, одан басқа, шаруашылық өмір мен мемлекеттік басқару жүйесінің күрделенуіне байланысты бүгінгі таңда мемлекеттік бақылау мемлекеттік ұйымдар мен бірлестіктердің қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін дамытуға, тиімді пайдалануға, мемлекеттік қаржылық салымдардың әлеуметтік тиімділігіне (мемлекеттік бағдарламаларға жұмсалатын бюджеттік қаражаттың үлесін қысқарту жолдарын қарастыру, мемлекеттік бағдарламалардың экономикалық тиімділігін

арттыру, сонымен бірге, олардың жалпы нәтижесіндегі әлеуметтік салаға тиімділігін арттыру). Бұл жүйе белгілі бір қызмет аясында және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының нақты міндеттерін мінсіз атқара алады. Және органдардың саны жүйенің мақсаттары мен құрылымына сәйке келуі қажет. Мемлекеттік қаржылық бақылауды реформалаудың нәтижесі, оның жүйесінің тиімділігі мен әсерлілігі ұйымдастырушылық-құрылымдық мәселелерін сәтті шешуге, нақтырақ айтқанда, оның ұйымдастырушылық құрылымын жетілдірумен тікелей байланысты [3].

Экономиканы басқаруда өте маңызды мәселелер мен елеусіз кемшіліктерді ажырата білу қажет. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың ұйымдастырушылық құрылымы нақты мәселелерді шешуге оңтайлы және оны өзгертуге икемді болуы қажет. Бәрінен бұрын, ішкі бақылаудың халықаралық тәжірибенің сәтті үлгілеріне сай келетін және мемлекеттік органның жоғарғы буынына тиімді қолдау көрсететін қазақстандық жүйесін жетілдіру қажет. Және, ең бастысы, ішкі бақылау жүйесі әр мемлекеттік органның өзіне жүктелген міндетін сапалы орындауға деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етуі қажет. Ішкі бақылау жүйесі әр мемлекеттік органда құрылған ішкі бақылау қызметі бөлімшесінен тұруы қажет, олар мемлекеттік органның қызметіне ауқымды әрі толық мәлімет бере алуы қажет. Және бұл әрекет мынадай жолдармен жүзеге асуы қажет:

- тәуекелдерді жою немесе төмендету, тәуекелдерді басқару үдерістерінің дұрыстығы мен тиімділігін бағалау;

- басқару ақпаратының сенімділігі мен біртұтастығын, активтерді қорғау тәсілдерінің сапасын, мемлекеттік органдар қызметінің заңдарға, осы органның ережелері мен жоспарларына сәйкестігін қамтамсыз ету;

- ресурстарды пайдаланудың үнемділігін, тиімділігін және нәтижелілігін бағалау;

- алға қойылған мақсаттар мен қызметтерге нәтиженің сәйкес келуін қамтамасыз ету;

- кемшіліктер, өзге де жетіспеушіліктерді дер кезінде анықтау және ескерту;

- түзетілген жоспарларға олардың тиімді әрі дұрыс атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында бақылау жасау және жүйелік мониторинг жүргізу [4].

Ішкі бақылау органдарының қызметі міндетті тәртіпте жоғарғы қаржылық бақылау органы тұрғысынан тексерілуі қажет. Бұл өте өзекті мәселе болып отырғаны соншалық, үкімет сатып алуларды жедел бақылауды оның аудит бойынша міндеттеріне қосымша ретінде Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетіне жүктеді. Қаржылық бақылау комитеті үкіметке арналған сатып алулар бойынша операцияларды басқарумен айналысатын болғандықтан, ол мемлекеттік үдерістердің атана отырып, сатып алулар үдерісін бақылайтын ішкі тәуелсіз орган болудан қалды. Осылайша, халықаралық стандарттар талабына сай, қазақстандық қаржы жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, ішкі бақылау жүйесінің құрылымын ішкі бақылау қызметтері құрауы қажет деген тұжырым жасауға болады. Мақсатты түрде ішкі бақылау бойынша орталық уәкілетті органды құру қажет. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау бойынша қызметтер Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алулар комитетінің қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі Есеп комитеті мен ревизиялық комиссия арасында бөлінуі қажет.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жүйедегі орнын анықтау, оның функционалдық бағытталуы, құрылымы, кадр құрамының саны мен сипаттамасы, материалдық-техникалық, қаржылық, ақпараттық және өзге де қамтамасыз етілуі, органның ішкі әкімшілік және функционалдық бағыныштылығы мен өзара қарым-қатынасы құрылымының ерекшелігін анықтау көптеген факторларға, оның ішінде, органды құрудың мақсаттары мен міндеттерге, мемлекеттік құрылымға, мемлекеттік басқарудың принциптеріне, мемлекеттік жүйенің дамуы және т.б. байланысты.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың құрылымы, оның жалпы қаржылық бақылау жүйесіндегі орнын анықтау көбінесе мемлекеттің мемлекеттік қаржылық бақылаудың маңызын қалай түсінетіндігімен анықталады. Зерттей келе, біз мынадай қорытындыға келеміз, отандық қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру үшін қолданыстағы жүйенің

кемшіліктерін анықтап, оны қайта реформалаудан өткізіп, жетілдіру қажет. Қаржылық бақылау жүйесінің ұйымдастырушылық-құрылымдық негізін 2 деңгейде қарастыруға болады: Біріншісі – құрылымның негізі, оған мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мен оның қызметін реттейтін орган, сонымен қатар, осы органдармен тікелей байланысы бар органдар кіреді. Екіншісі – өздерінің басқару міндеттерінің бір бөлігі ретінде заңды түрде қаржылық бақылау функцияларына ие мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары [5].

Сонымен, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін қайта жандандыру үшін, ең алдымен, қаржылық бақылау органдары арасындағы міндеттерді айқындап, нақты шекарасын бекіту қажет. Екіншіден, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қолға алу керек. Қазіргі кездің өзінде қаржылық бақылау органдарының қызметкерлері шетелге тәжірбие алмасу мақсатында, біліктілігін жетілдіру мақсатында семинарлар мен оқуларға барады.

Отандық қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынылған бағыттардың тиімділігі оларды біртіндеп, өз ретімен енгізуге тәкелей байланысты. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың жетілген жүйесі ел экономикасына төнетін қауіпті сейілтеді және қаржылық-бюджеттік жүйенің жақсаруына ықпал етеді. Сонымен бірге, қаржылық сала қызметкерлерінің жауапкершілігі артып, қаржылық бақылауды жүзеге асырудағы мемлекеттің рөлі күшейеді. Соның нәтижесіне, қаржылық қылмыстардың, кемшіліктердің саны азайып, бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдердің көлемі артады. Осылайша, ел экономикасы тұрақты даму жолына түседі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / - Алматы. Экономика, 2010.- 522б.
- 2 Құлпыбаев С. Қаржы теориясы. Оқу құралы., - Алматы: Мерей, 2001-176 б.
- 3 Абленов Д. О. Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы: оқу құралы – Алматы: Экономика, 2007. – 544б.
- 4 Оңалтаев Д. Мемлекеттік бюджет қаржысын ұтымды пайдалану//Экономика и статистика (регион и отрасль: эффективное управление). - 2004- №1 - 39-40б.
- 5 Мырзалиев Б.С., Шеденов Ө.Қ, Дандаева Б.М., Ерманкулова Р.И. Мемлекеттік қаржылық басқару: оқу құралы – Түркістан: Тұран, 2013 – 320 б.